

## **Білім кілті - Кітапта**

**Мақсаты:** Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру; Кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Кітапты күтіп, оны таза, ұқыпты пайдалануға үйрету.

**Көрнекілігі:** Ұлы адамдардың кітап, оқу – білім туралы айтқан сөздері жазылған плакаттар.

### **Барысы:**

**Кітапханашы:** Армысыздар құрметті қонақтар мен оқушылар! Қымбатты оқушылар, сіздерде әліппемен қоштасу мерекесі өтті. Әліппе – сендердің ең бірінші білім алған оқулықтарың. Алған білімдеріңді басқа оқулықтар мен қосымша кітаптардан жалғастырасыңдар. Сол кітаптарға арналған және сіздерді біздің кітапхананың оқырмандары болатын мерекесіне қош келдіңіздер!

**1- жүргізуші:** Бүгін біздің кітаптар елінде қонақтаймыз. Айналамызға қарасақ – бізді қоршап тұрған кітаптар. Бұл елдің өз атауы бар. Ол – кітапхана.

**2-жүргізуші:** Кітапхана – кітаптар қоры. Осы жерден біз өзімізге керекті барлығын аламыз. Кітап білімімізді молайтады, кітаптан көп үлгі мен тәрбие аламыз. Дана халқымыз «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек.

**1- жүргізуші:** «Білім кілті кітапта» деген тәрбие сағатын А.Байтұрсынұлы атамыздың кітап туралы жазған өлеімен бастайық.  
Балалар, бұл жолы басы даналыққа,  
Келіңдер, оқып, байқап қаралық та.  
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,  
Соларды көре тұра қалалық па?  
Даналық - өшпес жарық, кетпес байлық,  
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

**2-жүргізуші:** Балалар, онда ортамызға кітапты шақырайық.

**Кітап:** Балалар мен білім кілті – Кітаптың. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңіреді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Фабрика ол ағаштан қағаз шығарады. Содан соң авторлар жазады, суретші ағайлар сурет салады. Баспахана суреттер мен жазуларды жазып шығарады.

**1- жүргізуші:** Қош келдің, қымбатты досымыз. Кітап, ендеше сен бүгін бізде қонақта болып, балалардың өнерін тамашалап қайт. Қызықты көрініс көрсетіледі. (Буратино, Мальвина, Артемон)

**Кітапханашы:** Балалар, Мальвина не үйретті Буратиноға? (Сауат ашуға үйретті)  
-Буратино қандай бала болған? (жалқау, қиянқы, сиқырлы)  
-Сендер сондай боласыңдар ма? (жоқ)

**Оқушы:** Жарайды, дәрігер. Кеңестеріңізді үнемі есте сақтаймын.

**Дәрігер:** Жазылып кетіңіздер! Сау болыңыз!

**Оқушы:** Сау болыңыз! Сізге үлкен рахмет.  
Оқулығым, құралым,  
Жазар білім шырағын.  
Баса алмайсың ешқашан  
Онсыз алға бір адым.

**Дәрігер:** Балалар, кітап- шебер ұстаз, тілсіз мұғалім. Кітап-адал пейіл, асыл дос. Қойған жерінде жатады, қолыңа алсаң былай тіл қатады.

**Кітап:** Оқы талмай, түй санаңа, жас бөбек,  
Сыр құямын, нұр құямын бойыңа.  
Таза ұстап, оқы мені қастерлеп,  
Бар білімді мен егемін миыңа.

**Кітапханашы:** Балалар, кітап жыртылмас үшін не істеу керек?

- Қаптау керек.
- Кітаптың бетіне сурет салуға бола ма?
- Жоқ.
- Қай уақытта кітап оқу керек?
- Бос уақытта.
- Кітаптарды қалай ұстау керек?
- Ұқыпты, таза.

**2-жүргізуші:** Балалар, кітап туралы қандай мақал-мәтелдер, жұмбақтар білесіңдер? (Жауаптары тыңдалады)

**1-жүргізуші:** Біздің оқушыларда сендерге жұмбақтар, мақал-мәтелдерді айтып береді. Оны естеріңізге сақтаңыздар.

**1- оқушы:**

Көп әңгімем, өлеңім,  
Күнде ақыл беремін,  
Жақсы көрсе мені кім,  
Мен де оны жақсы көремін. (Кітап)

**2- оқушы:**

Үндемес серік, ақылы берік. (Кітап)

**3- оқушы:**

Қабат-қабат қаттама,  
Ақылың болса аттама. (Кітап)

**4-оқушы:**

Бір жағынан тігілген,  
Бір жағынан сөгілген.  
Көп өмірден көргені,  
Алғанынан бергені. (Кітап)

- Онда кітап туралы тақпақтарды тыңдаңдар.

**1-оқушы:**

*Кітап! Сен адамзаттың жақын досы!  
Келмейді сені оқымай көңіл хошы.  
Ел мұңы, өмір сыры, ақын жыры  
Басылмаған таңба болып өзіңде осы.*

**2-оқушы:**

*Кітапта алма ағашы,  
Жемісі біздің теретін.  
Тәтті алмаға балашы  
Кітабыңның әр бетін.*

**3-оқушы:**

*Кітап!  
Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,  
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады.  
Жеткізіп өткендердің өсиетін,  
Шешіліп кейде достай сырласады.*

**4-оқушы:**

*Саған білім жемісін  
Оқулығың береді.  
Күтіп ұста, кірлетпе.  
Кішілерге табыс ет,  
Дақ түсіріей бір бетке.*

**5-оқушы:**

*Кітап!  
Ақылдың сөнбейтұғын шамшырағы,  
Білімнің сарқылмайтын бал бұлағы.  
Ашқанда- ақ өткен күнмен беттеріңді,  
Келер күн көз алдыма кеп тұрады.*

**Көрініс: «Науқас кітап»**

(Бірде оқушының кітабы науқастанып қалып, дәрігерге әкеледі.)

**Оқушы:** Сәлеметсіз бе, дәрігер!

**Дәрігер:** Сәлеметсіз бе!

**Оқушы:** Дәрігер, мен сізге кітабымды әкелдім. Ол – қатты науқас.

**Дәрігер:** Жарайды, алдымен диагнозын анықтап алайық.

**Оқушы:** Мен үйде жоқта кішкене балалар алып, осындай күйге жеткізіпті.  
(Жыламсырайды)

**Дәрігер:**

*Мұңайма, емдеп жазамыз. Кітабыңа су тиген, беттері  
жыртылған. Кітабыңды түптеймін, жыртылмасын. Мұқабасын  
бүкпеймін, қырқылмасын. Таза болсын беттері, кірлемесін. Көрген адам  
кітабың кір демесін. Мен кеңестер жазып беремін. Үнемі сақтап жүр.*

*Кітап беттерінің бұрыштарын бүктеме.*

*Кітап мұқабасы бүлінбес үшін қаптап ал.*

*Кітап беттерін жыртып.*

*Кітапқа сурет салма, жазба.*

*Тамақ ішіп отырып кітап оқыма.*

*Кітап беттерінің арасына қарындаш, қалам салма.*

## Мақал-мәтел

1- оқушы: Кітап көзі жұмыққа арзан,  
Көзі ашыққа маржан.

2- оқушы: Наданмен дос болғанша,  
Кітаппен дос бол.

3- оқушы: Әріптен білім,  
Әліппеден ғылым.

4-оқушы: 1) Кітапсыз үй- жансыз дене.  
2) Кітап – ақылды қуаттандыратын құрал.

5- оқушы: 1) Өмірде ең жақсы кеңесші- кітап  
2) Кітап-гажап дос, сенімді сырласың.

Кітапханашы: Мен сендерді ережелермен таныстырайын.

1 ереже: Кітапханада шулауға болмайды, өйткені басқа оқырмандарға кедергі келтіресің.

2 ереже: Кітапты ұқыпты, таза ұстау керек.  
Өздеріңнен кейін оны басқа оқырмандар оқиды.

3 ереже: Кітапты уақытында қайтар.  
Әйтпесе басқа оқырмандар күтіп қалады.

4 ереже: Кітапты жоғалтып алма. Осы ережелерді естеріңде сақтаңыздар. Кітаптардың да арманы бар. Ол: лас, ұқыпсыз оқушылардың қолына түспеу. Білімге қызығатын, ұқыпты балалардың қолына түссек екен деп армандайды. Кітаптардың армандарын орындасаңдар жақсы оқырмандар боласыңдар. Сонымен кешіміз аяқтаймыз.